



## **"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 тамыз N 1044 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.02.25. N 248 қаулысымен. ~P020248

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 сәуірдегі N 497 P010497\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - "Қазақойл" ҰМК) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақойл" ҰМК-ның құрамынан "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі жиырма пайыз мөлшеріндегі қатысу үлесін шығаруды және оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атына мемлекеттің меншігіне тапсырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 P970410\_ қ а у л ы с ы н а :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Теңізшевройл" ЖШС 25" деген жол алынып тасталсын;

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405\_ қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Атырау облысы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 145-2-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"145-2. АТР "Теңізшевройл" ЖШС";

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері

мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659\_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 45-жолмен толықтырылсын:

"45. АТР "Теңізшевройл" ЖШС".

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.